шетел тілді ортада жүзеге асырылады, және шетел тілі ретінде оқыту – English as a Foreign Language (EFL), ол оқытылатын тіл мен оның тасымалдаушыларының мәдени ортасынан оқшауланған жағдайда өтеді. Қазақстандық білім беру жүйесінде біз тек екінші типті қолданамыз. Г.В. Елизарованың тіл тасымалдаушысының шетел тілдік коммуникативтік құзіреттілігінің ұқсас еместігі туралы: «шетел тілдік коммуникативтік құзіреттіліктің табиғаты, компоненттік құрамы мен құрылымы ана тіліндегі коммуникативтік құзіреттіліктің құрылымынан басқа», - деген пікірімен келісуге болады (Елизарова Г.В., 2001). Осы идея біздің зерттеуіміз үшін басты сипатқа ие, өйткені оқу идеалы оқытылатын мәдениеттің нормаларын белгілейтін тіл тасымалдаушысы емес, мәдениеттер медиаторы ретіндегі тілдік тұлға. «Мәдениетаралық қарым-қатынас қатысушыларының өзара әрекеті тек оқылатын мәдениетте қабылданған қарым-қатынас ережелеріне еліктеу немесе солар бойынша құру болмау керек. Ол мәдениетаралық қарым-қатынас қағидалары бойынша құрылады, ал ол нақты мәдениеттердегі қарым-қатынастардан басқа және оның өзіндік ерекшеліктері бар» (Елизарова Г.В., 2001). Шетел тілдерге оқытудағы дәстүрлі коммуникативтік құзіреттілік мәдени-негізделген тәртіп пен тіл ретінде, мәдени құндылықтар жүйесінің айнасы ретінде тіл ерекшелігін толық есепке алмайды. Осыған байланысты, шетел тілдік дайындықты жетілдіру, студенттердің мәдениетаралық білімділігін көтеру мәселесі барған сайын маңызды мәнге ие болып келе жатыр.

Бүгінгі таңда шетел тіліне оқытуда коммуникативтіктің орнына мәдениетаралық тәсіл немесе білім берудің мәдениетаралық парадигмасы деп аталатын тәсіл келе жатыр. Оның құзіреттілік тәсілмен бірігуі «Мәдениетаралық құзіреттілік» ұғымын тудырды. Осындай құзіреттілікті үлкендердің арасында ғана емес, сонымен қатар тілдік және тілдік емес жоо студенттері арасында да қалыптастыру міндеті өзекті міндетке айналып отыр. Студенттердің мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастыру қажеттілігі, олардың өзге мәдениет өкілдерімен тікелей және жанама (Интернет арқылы) байланысының артуымен негізделеді.

Студенттер мәдениеті басқа құрбыларымен, замандастарымен қарым-қатынас жасауға дайын болу керек. Әртүрлі мәдениеттер арасындағы түсініспеушіліктің негізгі мәселесі лингвистикалық тұрғыдағы қателіктер емес, бөтен елдегі тәртіп қағидалары мен нормалары туралы ұғымның болмауы, коммуникациядағы стратегиялық қателіктер екендігін атап өту керек.


Коммуниканттар сол бір тілді пайдалана отырып, социомәдени тәжірибелерінің әртүрлі болуына байланысты, берілетін хабарламаларды бірдей қабылдамайтын жағдайлар туындайды. Соған сәйкес, біз, студенттерді шетел тіліне мәдениетаралық-бағдарланған оқытуды шетел тілін екінші тіл (ESL) ретінде оқыту немесе тіл тасымалдаушылары арқылы өтетін оқытумен салыстырмау керек, керісінше қазіргі қазақстандық өмір жағдайына бейімделген, шетел тілін шетел тілі ретінде оқытудың әдістемелік оқыту негіздерін (EFL) ескеретін мүлде жаңа оқыту моделін талап етеді деген қорытындыға келдік. .

Шетел тілінде оқытудағы мақсатты тұжырымдаудағы тәсілдердің даму тарихына қысқа шолу жасап көрейік. Әдебиетті талдау (Е.И. Пассов (Пассов Е.И., 1999), А.А. Миролюбов (Миролюбов А.А., 2002), Н.Д. Гальскова (Гальскова Н.Д., 2004)) ШТ оқыту мақсаттарының жүйе түріндегі тілден (XX ғ басы) қарым-қатынас құралы ретіндегі тілге (1960-шы жж.) және өзге мәдениеттерді тану құралы ретіндегі тілге (1980-ші жж. басынан бастап) ауысқанын көрсетеді. Сонымен қатар тұлғалық-бағдарлы оқыту да дами бастайды (Л.С. Выготский (Выготский Л.С., 1999), А.А. Леонтьев (Леонтьев А.А., 1969), И.А. Зимняя (Зимняя И.А., 2005)). Білім алушының тұлғасы бірінші қатарға шығады да, оның қызығушылықтары, қабілеттері ескеріліп, негізгі назар тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі дамытуына аударылады. Оқушы шетел тілдік білім берудің белсенді субъектісіне айналады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту идеясы өзінің дамуын жалғастырып, мәдениетаралық бағдар алды. Енді әдістемелік әдебиетте мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын тұлғаны қалыптастыру міндеті барған сайын жиі айтыла бастады. Шетел тілін оқытудың мақсаты - екінші тілдік тұлға (И.И. Халеева,

1989), мәдениетаралық коммуникант (мәдениеттер медиаторы) (Г.В. Елизарова, 2001), мәдени бағдарланған тұлға (В.П. Фурманова, 2017), мәдениетаралық-бағдарланған тұлға (И.Л. Плужник, 2003) қалыптастыру болды. Басқаша айтсақ, қазіргі лингвистикалық білім тұлғалық және мәдениет аралық бағдарлы білім болып табылады. Тіл әлем мәдениетіне өту, әлемдік құндылықтарды тану, өзінің мәдени тектілігін түсіну құралы ретінде қарастырыла бастады. Коммуникативтік білім парадигмасының мәдениетаралыққа ауысуына байланысты, «мәдениетаралық құзыреттілік» санаты шетел тілдерін оқыту мақсаты ретінде бірінші қатарға шықты. Заманауи педагогика ғылымында мәдениетаралық құзыреттілік деп, «тұлғаның өзін мәдениеттер диалогінде, яғни мәдениетаралық коммуникация жағдайында өзін-өзі жүзеге асыру қабілеті» ретінде түсіндіріледі (Громова В.В., 2011).

А.Ю. Муратов мәдениетаралық құзыреттілікке келесідей анықтама береді: «Ол тұлғаның басқа мәдениет өкілдерімен мәдениетаралық өзара әрекет ету тәжірибесі процесінде тиімді қалыптаса алатын білімдері, біліктіліктері мен қасиеттері кіретін күрделі тұлғалық білім» (Муратов А.Ю., 2005).

А. Фантини мәдениетаралық құзыреттіліктің келесі құрылымын ұсынады (Фантини А., 2009) (3-ші сурет).



3-сурет - Мәдениетаралық құзыреттілік құрылымы

Жалпы, авторлар мәдениетаралық құзыреттілік деп, индивидтің білімдерге, қарым-қатынастар мен біліктіліктерге негізделген қабілетін санайды. Сөз, жай ғана шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікте орын алатын өзге лингвосоциумдардың өкілдерімен қарым-қатынас туралы емес,

өзінің және бөтен мәдениеттердің мәдени-тарихи ерекшеліктерін ескеруді қажет ететін нақты мәдениетаралық коммуникация, мәдениеттер диалогы туралы болып отыр. Авторлар сондай-ақ табысты мәдениетаралық қарым- қатынас үшін қажетті тұлға қасиеттеріне де назар аударады. Бүгінгі таңда әлі күнге дейін ғалымдар арасында «мәдениетаралық құзыреттілік», оның шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікпен байланысы туралы бірыңғай пікір жоқ. Осы екі ұғымды салыстырып көрейік. Г.В. Елизарованың зерттеулеріне сәйкес, мәдениетаралық құзыреттілік компоненттері «коммуникативтік құзыреттіліктің біраз мазмұнын жаңғырта отырып және оларға мәдениетаралық өлшемді қоса отырып, шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікке сәйкес болады» (Елизарова Г.В., 2001). Ол шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік компоненттерінен мәдениетаралық аспектіні бөлуге тырысты. Ол, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттіліктердің бірін-бірі ішінара алмастыратындығын білдіреді. Осы тәсілге сүйене отырып, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін, коммуникативтік құзыреттілік компоненттерінің мазмұнына мәдениетаралық компоненттерді кіргізе отырып, қалыптастыруға болады, деп болжауға болады. Басқаша айтатын болсақ, коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдаушыларын, мәдениетаралық аспектілерді ескере отырып қалыптастыру, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдары лингводидактикада коммуникативтік құзыреттілікті мәдениетаралық құзыреттілік құрылымына кіргізу, жоғарыда айтылған құзыреттіліктерді «тұтастыру» талпынысы жиі кездесе бастады. Сонымен, салыстырмалы түрде «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» деген жаңа ұғым пайда болды (Громова В.В. (Громова В.В., 2011), Ларина Т.В. (Ларина Т.В., 2005), Stier J. (Stier J., 2003)). Осы құзыреттілік мәдениетаралық құзыреттілік терминін құрайтын екі құзыреттіліктің жай ғана бірігуі емес, ол мәдениеттер диалогына дайын тұлғаның жаңа қасиеттерін көрсетуге арналған.

Студенттерді шетел тіліне оқыту мақсатының шекарасы мен

параметрлерін нақтылау үшін, «мәдениетаралық құзыреттілік» және «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдарын салыстыру керек. Жауап айқын: қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін білмейтін тұлға мәдениетаралық құзіретті бола алады. Аудармашы сол қажетті буын, яғни мәдениетаралық қарым-қатынастың коммуниканты бола алады. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік тек тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас жасау үшін шетел тілін жеткілікті деңгейде меңгерген тұлғаларға ғана тән. «Мәдениетаралық коммуникант болу үшін, өзі күрделі модель болып табылатын мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке ие болу керек. Мәдени айырмашылықтарды жеңе алатын және, өзінің ана тілінде қарым-қатынас жасай отырып, басқа мәдениет өкілдерімен жемісті қарым-қатынас жасай алатын мәдениетаралық құзыреттілікке қарағанда, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәдениетаралық қарым-қатынасты шетел тілінде жасауды көздейді» (Ларина Т.В., 2005).

Жоғарыда баяндалғандар негізінде, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік анықтамасын қалыптастыруға болады, деп ойлаймыз. Ол - мәдениетаралық білімдерді, біліктіліктерді іс жүзінде қолдана білу, тұлғаның осы білімдерді, біліктіліктерді жүзеге асыру үшін қажетті қасиеттерінің болуы және шетел тілді мәдениет өкілдерімен өнімді өзара әрекет жасау үшін қажетті қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін меңгеру жиынтығы. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру студенттерді оқыту мақсаттарының дербес компоненті ретінде бөліну керек, деген қорытынды жасауға болады. Ал білім мазмұнына тек мәдени және тарихи айырмашылықтар туралы қажетті білім минимумы ғана емес, сонымен қатар, бірінші кезекте, осы жас санаты үшін маңызды компоненттер кіру керек. Мәдениетаралық парадигма мәнмәтінінде шетел тілдерге оқыту, үлкен тұлғалық-даму әлеуеті бар студенттің өзге лингвосоциум өкілдерімен тіл-ой қызметінің сан-алуан түрлерін жүзеге асыруға қабілеті мен дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін перспективалық бағыт болып табылады.

Демек, шетел тілдер саласындағы қазіргі білімнің басты міндеті, студенттердің мәдениетаралық құзіреттілігін табысты қалыптастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Міне, Қазақстан дамуының әлеуметтік, экономикалық және саяси аспектілерімен ұсынылған осы құзыреттілік жоғары мектепте шетел тілін оқытудың негізгі мақсатына айналу керек. Мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға дайын және қабілетті мәдениетаралық – коммуникант түлек қажет (Г.В. Елизарованың термині).

Қарастырылған терминологияны, тұжырымдамалық және нақты ақпаратты түсіну мен игерудің дұрыстығын өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар

1. Сізге белгілі бірнеше ғалымдардың шеттілдік білім берудің мақсатына берген анықтамаларын көрсетіңіз (жандандыру деңгейі).

2. Білім берудің мәдениетаралық парадигмасының ерекшеліктерін сипаттаңыз (жандандыру деңгейі).

3. Мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз (түсіну деңгейі).

4. Жаһандану қоғамдардың, адамдардың, кәсіпқойлар мен жастардың өзара әрекеттесуіне қалай әсер ететінін сипаттаңыз (түсіну деңгейі).

5. Әңгімелесушінің мәдениетін түсінбеушіліктен немесе білмеуден туындаған мәселелерге мысалдар келтіріңіз (түсіну деңгейі).

6. Мәдениетаралық құзыреттілік пен мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттіліктің анықтамаларын өз сөзіңізбен жазыңыз (түсіну деңгейі).

7. Бір тілді қолданатын адамдардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің айырмашылығының олардың өзара түсіністік деңгейіне әсері туралы мысалдар келтіріңіз (түсіну деңгейіне).

8. Мәдениетаралық құзыреттіліктің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттіліктен айырмашылықтары кестесін жасаңыз (талдау деңгейі).

9. *ESL-dі EFL-мен салыстырыңыз және олардың арасындағы айырмашылықтарды тізімдеңіз (талдау деңгейі).*

10. *Шетел тілдері саласындағы қазіргі білім берудің негізгі міндетін өз сөзіңізбен сипаттаңыз (түсіну деңгейі).*

1.6. ДИСКУРСИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ

Оқу құралының бірінші бөлімінің осы бөлігінде келесі сұрақтар қарастырылады:

1) *«мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы;*

2) *мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің мәні, құрылымы, рөлі;*

3) *мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің тұжырымдамалық моделі;*

4) *коммуникативтік құзыреттіліктің лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік, стратегиялық және дискурсивті компоненттері;*

5) *дискурсивті құзыреттілік шетел тілін оқытудың мақсаты ретінде;*

6) *мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің дискурсивті жағы және оның құрамы;*

7) *дискурсқа тілдік материалды ұйымдастыру дағдысын меңгеру мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ретінде;*

8) *мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің дамыған дискурсивті аспектілері бар студенттердің ерекшеліктері;*

9) *дискурс туындауының психолингвистикалық аспектілері;*

10) *құзыреттіліктің психолингвистикалық аспектілері;*

11) *жалпы еуропалық стандарттармен өзара байланыста шетел тілдерін оқытудың қазақстандық білім беру стандарттарын дамыту;*

12) *тілді меңгерудің алты деңгейлі жүйесі;*

13 тілді меңгерудің базалық стандарт деңгейінің (B2) дискурсивті құзыреттілігінің негізгі сипаттамалары.

Бұл бөлім қарастырылған материалды игеру сапасын өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалармен аяқталады.

Шетел тіліне оқытудың түпкі мақсаты білім алушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру қажеттілігі болып табылады. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік – ол халықаралық қарым-қатынас әдебін құрайтын әмбебап қағидалар мен тәртіп нормаларын сақтау, білу және түсіну негізінде шетел тілдерді меңгеру арқылы әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара түсіністікке қол жеткізу қабілеті. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік тұлғаға басқа мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынасты орнатуға – олардың мәдени құндылықтарын танып-білуге, қарым-қатынас мәнеріндегі, тәртіп стиліндегі, өмір салтындағы, дәстүрлері мен салттарындағы айқынайырмашылықтарға ашық қарауға мүмкіндік береді. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті керемет тұжырымдамалық модель түрінде көрсетуге болады, және ол көптеген құзыреттілік түрлерінен тұратын ықпалдастық білім болып табылады. Осы модельдің негізінде коммуникативтік құзыреттілік жатыр.

Коммуникативтік құзыреттіліктің құрылымы айтарлықтай айқын, оның негізгі құрамдаушылары құзыреттілікті әртүрлі көзқарас тұрғысынан сипаттайтын және жиынтығында жалпы, «Шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының айтарлықтай толық сипаттамасын беретін әртүрлі құзыреттіліктер болып табылады. Коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттік құрамын қосымша құрамдаушымен – мәдениетаралық құзыреттілікпен байыту – оқыту процесінде мүлде жаңа психологиялық білімнің – адамның өнімді мәдениетаралық қарым-қатынас жасауы мен мәдени және тілдік сан-алуандықты қабылдауға дайын болу бойынша ерекше қабілеті ретінде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің пайда болуына жол ашады.

Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз, бір-бірін өзара негіздейтін құзыреттіліктер жиынтығы болып табылады. Д. Хаймс

(Хаймс Д., 1972) коммуникативтік құзыреттілік құрылымында грамматикалық, социолингвистикалық, дискурсивтік құзыреттіліктерді бөліп көрсеткен. Алайда, коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдаушыларын басқалай да анықтауға болады. Әдістемелік әдебиетте ең жиі айтылатын, коммуникативтік құзыреттілік компоненттерінің оңтайлы жинағын құрайтын құзыреттіліктер келесілер болып табылады: лингвистикалық, социолингвистикалық, социомәдени, әлеуметтік, стратегиялық және дискурсивтік құзыреттіліктер. Әдебиеттерде атап көрсетілетін коммуникативтік құзыреттіліктің терминологиялық білігінде барлық басқа құзыреттіліктер, қалай да болмасын, осы алты жеке құзыреттіліктерді сипаттайды.

Шетел тіліне оқыту барысында маңызды рөл атқаратын және оқыту мақсаты ретінде болатын дискурсивтік құзыреттілікке ерекше назар аударғымыз келеді. Бүгінгі таңда, көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, дискурсивтік құзыреттілік ең маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Осы әдіснама бірінші кезекке тілдің әлеуметтік мәнін қояды. Н.И. Алмазова, дискурсивтік құзыреттілік – ол шетел тілдерге оқыту саласында заманауи білімге қол жеткізуге, соған ұмтылуға тиіс қажеттілік, деп санайды (Алмазова Н.И., 2003).

Дискурсивтік құзыреттілікті М. Swain, М. Canale (Canale М., Swain М., 1980), А.Г. Горбунов (Горбунов А.Г., 2014), И.Ф. Ухванова-Шмыгова (Ухванова-Шмыгова И.Ф., 2008), О.И. Кучеренко (Кучеренко О.И., 2000) сияқты көптеген зерттеушілер айтарлықтай кеңінен зерделейді.

Дискурсивтік құзыреттілік — ол тек тұтас және байланысқан мәтіндерді құру ғана емес, ол сонымен қатар дискурстың сан-алуан түрлерін және оларды құру қағидаларын білу, оларды коммуникативтік жағдаятқа байланысты түсіндіре білу және қарым-қатынас жағдайының экстралингвистикалық ерекшеліктерін, коммуникация қатысушыларының рөлдерін және бірыңғай кортеж аясында коммуниканттардың өзара әрекет ету тәсілдерін ескере отырып, осы дискурстарды өндіру (Шадурский В.Г., 2009).

Е.В. Шуманның анықтамасына негізделсек, дискурсивтік құзыреттілік дегеніміз, студенттің ауызша және жазбаша формада берілген логикалық және байланысқан сөйлемдерді түсінуі және өз бетімен құрастыра білуі болып табылады (Шуман Е.В., 2006).

Соған сәйкес коммуникативтік құзыреттіліктің дискурсивтік бөлігі тіл біліктіліктері мен дағдыларын тіл қызметінде пайдалану сапасын, шетел тілде сөйлеу және жазу дұрыстығы мен орындылығын, сөйлемдердің логикалығы мен ақпараттық қанықтылығын білдіреді, ал ол бөтен мәдениетті құрметтеу мен түсіну болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, дискурсивтік құзыреттілік құрамынан келесі біліктіліктерді бөліп көрсетуге болады:

- мәтін құрау үшін шетел тілінің лексикалық ресурстарын пайдалана білу және оларды мәтінді түсіндіру үшін қолдану;

- мәтін стиліне сәйкес коммуникативтік жағдаят барысы мен тіл құралдарының коммуникативтік орындылығын болжай білу;

- шетел тілінің құралдары көмегімен фактілерді сипаттай және түсіндіре білу;

- шетел тілінде сөйлемдерді логикалық құрай білу;

- коммуникацияның негізгі тақырыбына сай коммуникативтік тәртіп құра білу;

- өзінің тілдік және тілдік емес тәртібін оқып жатқан тіл елінің социомәдени ерекшелігіне балама түрде құрастыра білу;

- мәтіндегі тақырып пен мәселені анықтай алу;

- айқын және жасырын, негізгі және қосалқы ақпараттың болуы тұрғысынан жазбаша және ауызша мәтінді талдай білу;

- мәтінді шетел тілінде жоспарлай білу;

- қарым-қатынас уәждері мен мақсаттарын шетел тілінде бөліп көрсете алу;

- коммуникативтік жағдайды бақылай білу;

- өзінің тілдік интенциясын, өз пікірін, сезімдерін білдіре алу; заттық-мағыналық мазмұнды және тіл материалын таңдау барысында өзінің бастамашылдығын басшылыққа ала білу;

- әртүрлі жанрлардың композициялық құрылымын, формаларын, мағыналық тұтастығын, грамматикалық және лексикалық дұрыстығын сақтай отырып, әртүрлі жанрада сөйлем құрастыра білу;

- формалды және формалды емес қарым-қатынас, табиғи немесе идиоматикалық сөйлемдер, тіл мен сөз фигураларының мәдени ерекшеліктері тізілімін балама пайдалануды қамтамасыз ететін дағдылар мен біліктіліктерге ие болу;

- сөзді экспрессивтік интонациялау дағдылары мен біліктіліктерін, эмоционалдық бағалаудың лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарын меңгеру.

Дискурсивтік құзыреттіліктің негізгі дағдысы, тіл материалын когерентті (байланысқан) және тұтас мәтінге – дискурсқа айналдыру дағдыларын меңгеру болып табылады.

Өзінің негізгі дискурстарды қабылдау және шығару функциясынан басқа, дискурсивтік құзыреттілік сондай-ақ бірқатар оқу міндеттерін шешуге де ықпал етеді:

а) тіл қызметінің жалпы әрекет сипаты мен типіне сәйкестігін анықтайды;

б) тіл дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру процесінде реттілікті, жүйелілікті, сабақтастық пен логикалықты қамтамасыз етеді;

в) оқыту процесінде шетел тілде сөйлесу уәждерін қалыптастырады, өйткені ол коммуниканттың тұлғалық бастамасын білдіру болып табылады;

г) қарым-қатынасқа қызмет көрсететін тіл қызметінің түрлеріне, соның ішінде сөйлеуге, тыңдауға, оқу мен жазба тіліне оқыту табыстылығын негіздейді;

д) студентті шетел тілін тіл-ой қызметінің құралы ретінде пайдалануға дайындайды.

Дискурсивтік және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту деңгейі арасында тікелей байланыс бар: дискурсивтік құзыреттілік қаншалықты жоғары болса, солғұрлы коммуникация құралдарын таңдау толығырақ таңдау болады, ал ол коммуникативтік қызметтің табыстылығын анықтайды.

Дискурсивтік құзіреттілігі жеткілікті деңгейде дамыған студенттер, тілдің прагматикалық, грамматикалық, лексикалық және фонологиялық дұрыстығының коммуникативтік әрекет нәтижесіне қаншалықты әсер ететіндігін біледі; олар тілді оны тікелей пайдалану арқылы оқу мүмкіндігін және теңгерімдік стратегиялары оларға таныс емес элементтері бар мәтінді орындауға көмектесе алатындығын түсінеді. Оқытылатын шетел тілінің тасымалдаушыларымен тікелей байланыс барысында, осындай студенттер, қолдарында бар ресурстар мен стратегияларды пайдалана отырып, олармен коммуникативтік өзара әрекетке түсуге қабілетті болады. Студенттер тәжірибесі толығырақ әңгімелесушілер пайдаланатын тіл мен стратегияларды бақылауға үйренеді, сол арқылы олар өздерінің өнімді әрі рецептивті сөздік қорын байытады. Тыңдалым және оқылым саласында олар жағдаяттық мәнмәтінге, оның функционалдық және жалпы мәніне зейін қоя отырып, бұрын оларға кездеспеген сөздер мен сөйлемдерді қабылдай, есте сақтай және жаза алады, әңгімелесуші пайдаланатын жаңа тіл құбылыстарын ескере, жаттай және пайдалана отырып, олар теңгерімдік стратегиялар мен қателерді түзету стратегияларын пайдалана алады.

Білім алушы мәтіндерді белгілі бір мағынаның / мәтіннің тілдік жүзеге асырылу үлгісі ретінде жаттамауы керек, керісінше олар коммуникативтік мақсаттар мен қарым-қатынас жағдаятына байланысты дискурстар құру / қабылдау керек. Осы әрекеттерді орындау үшін қажетті тіл біліктіліктері айтарлықтай күрделі және оларды қалыптастыру үшін жүйелі оқу керек. Шетел тілдік қарым-қатынас жағдайында бірлескен қызметтің нәтижелілігін арттыру үшін, ауызша да, жазбаша да коммуникация біліктіліктері мен дағдыларын зерделеу, дамыту керек. Ол үшін, дискурстарды туындату мен қабылдау үшін мақсатты бағытталған, дискурсивті құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістеме қажет (Картабаева А.А., 2015).

Қорытындысында, дискурсивтік құзіреттілігі бар студенттер басқа пәндер мен шетел тілі сабақтарында алған білімдерін кіріктіріп, осы тілде өз бетімен өнім жасай алады. Осындай

сапада дискурсивтік құзыреттілік студенттердің ақпараттық-коммуникативтік қызметі ұғымына кіретін біліктіліктерін дамытуға ықпал етеді, ол олардың дамуы үшін қажетті талап болып табылады, өйткені тек дискурсивтік құзыреттілікті дамытудың белгілі бір деңгейінде ғана студент ауызша сөзді дұрыс қабылдау үшін:

- қажетті мәтінді ақпараттық-мағыналық талдай алады;
- өзінің тілдік интенциясын, өз пікірін, сезімдерін білдіре алу; заттық-мағыналық мазмұнды және тіл материалын таңдау барысында өзінің бастамашылдығын басшылыққа ала білу;
- әртүрлі жанрлардың композициялық құрылымын, формаларын, мағыналық тұтастығын, грамматикалық және лексикалық дұрыстығын сақтай отырып, әртүрлі жанрда сөйлем құрастыра білу;
- формалды және формалды емес қарым-қатынас, табиғи немесе идиоматикалық сөйлемдер, тіл мен сөз фигураларының мәдени ерекшеліктері тізілімін балама пайдалануды қамтамасыз ететін дағдылар мен біліктіліктерді меңгеру;
- сөзді экспрессивтік интонациялау дағдылары мен біліктіліктерін, эмоционалдық бағалаудың лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарын меңгеру.

Дискурсивті құзыреттілікті дамыту, білім беру процестерін жобалауда тұтастылықтың жоғарырақ деңгейі ретінде тұлғалық парадигмаға ауысумен сипатталатын шетел тілін оқытудың қазіргі процесінде ерекше мәнге ие болып отыр. Бірінші кезекте ол, шетел тілдеріне оқыту дидактикасында қазіргі қол жеткізген ғылыми түсініктер деңгейінде базалық ұғым, көп компонентті құрылымдық реттелген тіл қабілеттерінің жинағы, тілдік хабарламалар бере және қабылдай алу кіретін тілдік тұлға ұғымы болып табылады. Осы мәнмәтінде дискурсивтік құзыреттілік тілдік тұлғаны дамыту деңгейін диагностикалау критерийлерінің бірі болып табылады, өйткені оған қарым-қатынас құралдарын пайдалану, мәтіндік ақпаратты ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру, тілдің жарлық-құрылымдық элементтерін белгілі бір деңгейде игеру сияқты қасиеттер кіреді. Бұдан басқа, дискурсты, тұлғалық

өзін-өзі көрсету қажеттілігіне байланысты қарым-қатынастың қажетті уәжін қамтамасыз ететін тілде тұлғалық мағыналарды жүзеге асыру ретінде қарастыруға болатындықтан (Седов К.Ф., 2004), дискурсивтік құзыреттілік тілді меңгерудің ең жоғары уәждік-прагматикалық деңгейін қалыптастыруға ықпал етеді, деп сенімді айтуға болады. Осы сапада дискурсивтік құзыреттілік тілдік тұлғаның айнасы (және көрінісі) болып табылады.

«Дискурс – ол Тіл бейнесіндегі жаңа белгі, ол бізге ХХ ғасырдың соңында келді» (Степанов Ю.С., 2011). Дискурсивті құзыреттілікті коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі ретінде талдау, қарым-қатынас процесінде дискурстардың пайда болуының психологиялық ерекшеліктерін ескеретін технологиялар мен тәсілдерді мұқият таңдау керек екендігін көрсетті. Осыған байланысты, біз дискурстардың пайда болуы мен осы процестің ерекшеліктерін бөліп көрсетудің психолингвистикалық аспектісін зерделеу мақсатында психология мен психолингвистикаға жүгіну қажеттілігі туындайды, деп санаймыз.

Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау үшін, әлемдегі көптеген жоо тұжырымдамалық тәсілге сүйенеді, оның мәні оқытуды тек білім беруге ғана емес, сонымен қатар түлектің өз мамандығы бойынша құзыреттіліктерінің жүйесін қалыптастыруға бағдарлау болып табылады. Маман моделі мен оның құзіреттілігі білім сапасын көтеруге байланысты осы мәселені шешудегі бағдар қызметін *атқара алады. Құзыреттілік* (лингвистикада) – *ол оқудың негізгі мақсатына қол жеткізу үшін, нақты (тілдік) функцияларды орындау үшін белгілі бір біліктіліктерді меңгеру қабілеті.*

А.Н. Щукин, *құзыреттілік* терминін 1965 ж. американдық лингвист, туындаушы (трансформациялық) грамматика теориясын жасаушы Массачусет университетінің профессоры Ноэм Хомский енгізген, деп мәлімдейді (Щукин А.Н., 2007). Ол құзыреттілік ұғымын адамның қандай да болмасын қызметті орындауға қабілетінің сипаттамасы үшін пайдалану керек, деп ұсынған. Кейіннен осы терминнің мәні тіл қызметіне, алдымен

ана тіліне, содан кейін шетел тіліне де тарады. Н. Хомский бойынша, құзіретті сөйлеуші / тыңдаушы тілге қатысты дұрыс сөйлемдердің шексіз санын түсінуге және өндіруге қабілетті, осындай қабілет негізінде адамның меңгерген тіл белгілері мен оларды өзара қосу ережелері жатыр. Бұл ретте, Н. Хомский өзара тығыз байланысты 2 ұғымды ажыратып берген: *құзыреттілік* тіл белгілерін білу және оларды дұрыс қосу (competence) және *орындау* (performance) – тіл қарым-қатынасында осындай белгілерді пайдалану қабілеті. Н. Хомский бойынша, осы *қолдану* адам ойы мен тәжірибесіне байланысты қызметтің сан-алуан түрлеріндегі құзыреттілік көрінісі болып табылады. Алған білімдерді, дағдылар мен біліктіліктерді осылай қолдану кейіннен құзыреттілік деп атала бастады. 20 ғасырдың 60-шы жылдарында құзірет пен құзыреттілік ұғымдары арасындағы айырмашылықты түсінудің негізі қаланды (Хомский Н., 1972).

О. Ларионова, «құзыреттілік» ұғымы көп аспектілі және құрылымы бойынша күрделі, деп санайды. Маман құзіреттілігінің компоненттері вариативтілік, өзара тәуелділік, ықпалдастық, кумулятивтілік, әлеуметтік және тұлғалық маңыздылық қасиеттеріне ие (Ларионова О.Г., 2005, Б.118). Білім беру нәтижесі біліктіліктерді дамыту және оларды кез келген кәсіби қарым-қатынас жағдайында тілдік ниетті жүзеге асыруға дайындық жағдайына жеткізу мақсатында білім беру болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас табыстылығы тіл бірліктерін меңгеру деңгейі мен оларды нақты қарым-қатынас жағдайында қолдану біліктілігіне байланысты (бұл ретте тілдің жекелеген элементтерін білу өздігінен «тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру» ұғымына жатқызылмайды). Осы тілді меңгеру талаптары коммуникативтік құзыреттілік мағынасын құрайды. Тілді пайдалану мен оны зерделеуге адам әрекеттер орындау барысында әлеуметтік қызмет субъектісі ретінде оның бірқатар құзіреттері, соның ішінде коммуникативтік құзіретті дамытатын әрекеттері кіреді.

Коммуникативтік құзыреттілік адамның тіл құралдарын (сөйлемдер мен дискурстар түрінде) пайдалану бойынша

шығармашылық қабілеті ретінде анықталады, ол білімдерден және оларды дұрыс пайдаланудан құрылады. Е.М. Бастрикова, коммуникативтік құзыреттілік ұғымына нақты қарым-қатынас жағдайында шетел тілін дұрыс пайдалану дағдылары мен біліктіліктері кіреді, деп санайды. Индивидтің коммуникативтік құзіретке ие болуы оқытудың басты мақсатына айналады (Бастрикова Е.М., 2004). Сөз тек тіл білімі туралы ғана емес, сонымен қатар оны нақты қарым-қатынаста пайдалана алу біліктілігі, яғни тілді практикалық меңгеру, демек, сөз мәдениет аралық құзыреттілік туралы болып отыр.

Әлем қауымдастығына кірігу Қазақстанның білім беру жүйесінің алдына жаңа мақсат қойып отыр – ол өзін тек бір мәдениет өкілі ретінде ғана емес, әлем азаматы ретінде өзінің маңыздылығын, Қазақстанда да, сондай-ақ жалпы әлемде болып жатқан жалпы адами жаһанды процестер үшін жауаптылығын түсінетін, мәдениеттер полилогінің субъектісі ретінде қабылдайтын білім алушылар тұлғасын қалыптастыру. Еуропа кеңесі Халықаралық ұйымы шетел тілдерге оқыту мақсаттары мен мазмұнын келісуде Еуропа елдеріне қолдау көрсету міндетін өзіне алды. Қазақстанның Еуропа Кеңесіне кіру фактісі Қазақстанның білім беру стандарттарын жалпы еуропалық стандарттармен келістіру міндетін қойды.

1971 жылдан бастап, Еуропа Кеңесінің жобалары аясында шетел тілдерін оқыту бойынша шетел тілдерін оқыту, оларды оқыту мен бағалау принциптері мен практикаларын әзірлеу бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Осы жұмыстың нәтижесі «Жалпы еуропалық шетел тілін меңгеру құзыреттіліктері» құжаты («Жалпы еуропалық шетел тілін меңгеру құзыреттіліктері», 2003) болды, ол 1997 жылы мақұлданды. Құжаттың негізгі мазмұны әртүрлі қарым-қатынас жағдайында коммуникативтік міндеттерді шешу үшін тіл әрекеттерін орындау мақсатымен жалпы және коммуникативтік құзыреттілікті белсендіру бойынша стратегияларды сипаттауға негізделген. Жалпы құзыреттілік тілдік болып табылмайды, ол кез келген қызметті, оған қоса құзыреттілік қызметті де қамтамасыз етеді. Құжатта,

осы жұмыстың қорытындысы, тілді меңгеру деңгейлерінің жүйесін әзірлеу және стандартты санаттарды пайдалана отырып, осы деңгейлерді сипаттау жүйесі болды, делінген. Осы екі кешен ұғымдар желісін құрайды, оны оқыту мақсаттарын, міндеттерін қоюдан бастап, оқыту нәтижесінде қол жеткізілетін құзыреттіліктермен аяқтай отырып, кез келген сертификаттау жүйесінің, кез келген оқыту бағдарламасының тілін сипаттау үшін пайдалануға болады.

Тіл білімінің деңгейін объективті бағалау мәселесі шетел тілін оқытатын және оларды оқытын адамдар үшін үнемі маңызды мәселе болып табылады. Осыған байланысты Еуропа Кеңесі «Жалпы еуропалық шетел тілін меңгеру құзыреттіліктері» жобасын әзірледі, ол Еуропа мен басқа елдердің шетел тілі оқытушылары 1971 жылы бастаған қарқынды жұмысының нәтижесі болып табылды. Жобаның мақсаты барлық еуропа тілдері үшін қолдануға болатын бағалау және оқыту әдістерінің ұсыныстары болып табылады. Жоба құзыреттіліктер жүйесін бірыңғай жинаққа жинап, тілді меңгеру дескрипторларын іріктеудің нақты критерийлерін, тіл қызметінің барлық түрлері мен олардың стратегиялары үшін шетел тілін қалай оқыту және құзіреттілігін қалай бағалау керек екендігі бойынша нақты критерийлер беріп, тілді меңгеру деңгейлерін анықтады.

«Жалпы еуропалық шетел тілін меңгеру құзыреттіліктері» - ол оқу бағдарламаларын, емтихан материалдарын, оқулықтар мен т.б. жасаудың негізін қалайтын құжат. Құжатты Еуропа Кеңесі жасаған және бүгінгі таңда еуропа елдерінің оқу орындарында міндетті құжат ретінде бекітілген. Осы құжат базасында құрылған оқыту технологиясының артықшылығы, модульдік әдіс, оқу процесі мазмұнының оның мақсатына сәйкестігі және тілді меңгеру деңгейінің объективті критерийлерін алу болып табылады.

Жалпы еуропалық құзыреттіліктер ұсыныстарына сәйкес, Қазақстан оқытушылары оқу процесінде модульдік оқытуға ауысты, яғни лексиканы, грамматиканы, фонетиканы, стилистиканы және тіл мәдениетін өзара байланыста оқыту әдісін пайдаланады. Олар сабақтарда пайдаланатын оқу құралдары

мазмұндық мәнмәтінде шынайы өмір жағдайларына барынша жақындатылған модульдік әдісті жүзеге асыру мақсатында құрастырылған. Жалпы еуропалық құзыреттіліктер жүйесінің ажырамас бөлігі оның өз жүйесі болып табылады. Жүйе алты деңгейден: қарапайым меңгеру (A1, A2 деңгейлері), өз бетімен меңгеру (B1, B2 деңгейлері) және еркін меңгеру (C1, C2 деңгейлерінен) деңгейлерінен тұрады. «Жалпы еуропалық шетел тілін меңгеру құзыреттіліктері», тілдерді оқу және оқыту мақсаттары білім алушылар мен қоғамның мұқтаждықтарына байланысты, осы мұқтаждықтарды жүзеге асыру үшін қажетті міндеттер, әрекеттер мен процестер, сондай-ақ коммуникация процесінде қажетті болатын сәйкес құзыреттіліктер мен стратегиялар негізінде анықталады, деп атап көрсетеді.

Коммуникативтік міндеттерді орындау үшін, білім алушы мәдениет аралық коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру керек. Коммуникативтік құзыреттілікке, өз кезегінде, басқа бірқатар құзыреттіліктер, атап айтқанда, лингвистикалық, социолингвистикалық, прагматикалық құзыреттіліктер кіреді. Прагматикалық құзыреттілікке, өз кезегінде, дискурсивтік құзыреттілік, функционалдық құзыреттілік және тілді сұлбалық құру құзыреттілігі кіреді. *Дискурсивтік құзыреттілік (discoursecompetence) – ол оқу және тыңдау барысында әртүрлі мәтіндерді түсіну негізінде жазбаша және ауызша тілдің әртүрлі функционалдық стильдерінде байланысқан, тұтас және логикалық сөйлемдер құру қабілеті.* В.А. Маслова, мәтінге дискурсивтік тәсіл туралы пікірін білдіре келе, «дискурсты процессуалдық, әрекеттік, мәтінді тудыру мен оны қабылдаудың синхронды орындалатын процесі ретінде» санады (Маслова В.А., 2008). Көбіне дискурс деп мәтінді түсінеді. Дискурс деп, түсіндірушінің ой елегі алдында мәтіннің құрылуын атайды, деп айтуға болады. Сондықтан біз дискурсты қосалқы мәтіндерді құру деп те түсінеміз.

Шетел тілдерді меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттіліктеріне сәйкес, В 2 деңгейіндегі *дискурсивтік құзыреттілікке*: сөйлемдерді, топикті/фокусты; белгілі/жаңа ақпаратты; әрекеттердің табиғи дәйектілігін; себеп-салдар

қатынастарын; тақырыпты; байланыстық пен тұтастықты; логиканы; стиль мен қарым-қатынас тізілімін; әңгімелесушіге әсерін; Грайстың ынтымақтастық принципін (Грайс П., 1991), «хабарламаны, максималарды сақтай отырып, әңгіме мақсаты мен бағыттылығына сәйкес құруды» ескере отырып, бірыңғай байланысқан мәтін етіп реттеуге дайындық кіреді. Мысалы, тек шынайы ақпаратты хабарлау максимасы (сапа максимасы); хабарланатын ақпаратты дұрыс нормалау (сан максимасы); хабарламаны тақырыпқа қатысты релевантты жасау (қатынас максимасы); сөзді ашық, екі мағыналы емес және дәйекті ету (сөз мәнерінің максимасы). *Дискурсивтік құзыреттілік* оқытылатын тілде сөйлемдер құруға дайындықты көздейді. Білім алушы әртүрлі макрофункциялар (сипаттау, баяндау, экспозиция және т.б.) атқаратын мәтіндерге ақпаратты орналастыру; байланысқан жазбаша мәтін құрастыру (шығарма, іскерлік хат және т.б.) қабілеттерін меңгеру керек. Шетел тілін оқу барысында дискурсивтік құзыреттілік бойынша жұмысқа оқудың бастапқы кезеңінде-ақ жекелеген сөйлемдерді құрастыру кіреді.

Жалпы еуропалық шетел тілін меңгеру құзыреттіліктеріне сәйкес, дискурсивтік құзіреттікке, тіл жағдайларына бейімделу деңгейі; диалог жүргізу; тақырыпты дамыту; тұтастық пен байланыстылық сияқты аспектілерді меңгеру кіреді. Тілді меңгерудің B2 деңгейіне сәйкес, бейімделу деңгейі студенттің басқа қарым-қатынас тізіліміне ауысуға дайындығын; тақырыптағы, бағыттағы, әңгіме реңкіндегі өзгерістерге икемді жауап беруін; қажет болған кезде сөйлемді қайта құруға дайындығын көздейді. Тілді меңгерудің B2 деңгейіне сәйкес, диалог жүргізу студенттің пікірталасқа түсу үшін балама тіл құралдарын пайдалана отырып, қолайлы мезетті тандауын; әңгімені, сөйлеу кезектілігін сақтай отырып, бастауы мен жалғастыруын және, ол жалпы әңгіме барысын бұзатындығына қарамастан, өзінің қажеттілігіне байланысты аяқтауын; сөйлемдерді ойластыру үшін уақыт ұту мақсатында стандартты сөздерді пайдалануын көздейді. Тілді меңгерудің B2 деңгейіне сәйкес, тақырыпты дамыту, студенттің сипаттама немесе баяндау сипатындағы сөйлемдерді айқын және

түсінікті құруын, мысалдар келтіре отырып, жекелеген мезеттерді тәптіштеп ашуын көздейді. Тілді меңгерудің В2 деңгейіне сәйкес, тұтастық пен байланыстылық студенттің әртүрлі байланыстыру құралдарының көмегімен сөйлем элементтерінің арасындағы қарым-қатынасты нақты және түсінікті беруін; белгілі бір байланыс құралдарын пайдалана отырып, бірақ ұзақ сөйлемдердің логикалылығы жеткіліксіз болатындығын ескере отырып, логикалық сөйлемдер құрастыруын көздейді.

Қарастырылған терминологияны, тұжырымдамалық және нақты ақпаратты түсіну мен білудің дұрыстығын өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар

1. *«Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына анықтама беріңіз (жандандыру деңгейі)*

2. *Дискурсивті құзыреттілікке анықтама беріңіз (жандандыру деңгейі)*

3. *Дискурсивті құзыреттілік ықпал ететін оқу тапсырмаларын атаңыз (жандандыру деңгейі).*

4. *Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттіліктің дискурсивті аспектілері дамыған студенттердің ерекшеліктерін мысалдармен түсіндіріңіз (түсіну деңгейі);*

5. *Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттіліктің құрылымын схемалық түрде көрсетіңіз (түсіну деңгейі).*

6. *Дискурсивті құзыреттіліктің құрылымын схемалық түрде көрсетіңіз (түсіну деңгейі).*

7. *Жалпы еуропалық стандарттармен өзара байланыста шетелтілдерін оқытудың қазақстандық білім беру стандарттарын дамытудың негізгі бағыттарын сипаттаңыз (түсіну деңгейі).*

8. *Бірнеше зерттеушілердің дискурсивті құзыреттілігіне берген анықтамаларын салыстырыңыз (талдау деңгейі).*

9. *«Шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттілігі» құжатымен анықталған тілді меңгеру деңгейлерін атаңыз (талдау деңгейі).*

10. *Шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттілігінің бөлігі ретіндегі В2 деңгейіндегі дискурсивті құзыреттіліктің құрамын кестелік түрде ұсыныңыз (талдау деңгейі).*

1.7. ТУРИСТІК ДИСКУРСИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Оқу құралының бірінші бөлімінің осы бөлігінде қарастырылған сұрақтар:

1) туристік индустрияны дамыту туристік дискурсты зерттеуге серпін ретінде;

2) туристік дискурстың типологиялық мәртебесі (институционалдық жарнамалық дискурстың кіші түрі немесе дискурстың дербес түрі));

3) туристік дискурстың кәсіби, академиялық, қоғамдық түршелері;

4) туристік дискурстың қызмет ету саласы, мақсаттары, коммуниканттардың (адресаттың және адресаттың) типтері;

5) саяхат - туристік дискурстың негізгі концептісі ретінде;

6) туристік дискурстың түрлері мен жанрлары.

Бұл бөлім зерттелген материалды игеру сапасын өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалармен аяқталады.

Соңғы жылдары «Туризм» мамандығы студенттерінің шетел тілдерін оқуы олардың кәсіби білімінің ажырамас, міндетті бөлігіне айналды. Қазақстанның еуропалық білім кеңістігіне кіру ниеті, болашақ туризм жөніндегі маманның мәдениетаралық кәсіби байланыстарға қатысуы үшін, өзінің кәсіби ортасында болып жатқан барлық жаңалықтарды біліп отыру керек екенін білдіреді. Өз мамандығы мәнмәтінінде шетел тілін оқу және оны меңгеру туризм саласындағы болашақ маманның кәсіби мәдениетінің ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады. Болашақ мамандардың мінез-құлқы әртүрлі қарым-қатынас функциясының айтарлықтай көп жинақталатындығына, кәсіби қызметі бұқаралық сипатта болатындығына бейім болуы керек. Заманауи туристік индустрияны - әртүрлі адамдармен үздіксіз қарым-қатынас технологиясы деп айтуға болады. Дәстүрлі түрде туризм саласындағы кәсіби қызмет келесі функцияларды: жоспарлау, ұйымдастыру, уәждеу, бақылау, коммуникация,

шешімдер қабылдауды орындаудың үздіксіз процесі ретінде сипатталады. Коммуникация, бірінші кезекте, келесі қасиеттерден тұрады: өзара әрекет орнату, байланысқа қолдау көрсете және тоқтата білу, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын білу, әңгімелесушіні сөзге тартып, оны балама мінез-құлық көрсетуге тарта білу. Ал туризм саласындағы маманды бағалау критерийлеріне, өзгелерден басқа, өз пікірін сенімді дәлелдей білу, өз қызметін логикалық және дәйекті құра білу, келіссөздер жүргізу әдістері мен тәсілдерін білу, келіссөздерді тиімді жүргізе алу сияқты қасиеттер кіреді (Жайтапова А.А., 2016).

Бүгінгі таңда туристік индустрия әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан секторы болып табылады. Бірде бір салада осыншама әртүрлі мәдениеттер қиылыспайды. Адам ешқашанда жаналыққа деген қызығушылығын жоғалтпайды, сондықтан туризм барған сайын, жылдан-жылға танымал болып келеді. Соның салдарынан әртүрлі мәдениет иелері арасындағы өзара әрекет жаһанды ауқымға ие болып отыр. Қазіргі уақытта туризм индустриясы үнемі өсіп, дамып келеді. Бірқатар зерттеулерде келтірілген статистика бойынша, туристік бизнес саласына 180 млн астам адам тартылған, ал ол бүкіл дүниежүзінде жұмыс істейтіндердің жалпы санының оннан астам пайызын құрайды (Михайлов Н.Н., 2011). Туристік саладағы коммуникация ұлттық ерекшелікке және көп аспектілі сипатқа ие. Мәдениет аралық коммуникацияда әлемнің тіл көрінісінің ұлттық-өзіне тән ерекшеліктері, сондай-ақ ұлттық өзіндік санасы мен тілі ерекше рөл атқарады. Нақты міне осы туризмде әртүрлі мәдениеттер тоғысып, өзара әрекет етеді (Филатова Н. В., Жанров. Простр., 2012). Туризм индустрияның осындай кеңінен таралуы тіл қызметінің ерекше түрі ретінде туристік дискурсты зерделеуге бағытталған лингвистикалық зерттеулердің пайда болуының түрткісіне айналды.

Бірқатар зерттеулерде келтірілген статистика бойынша, туристік бизнес саласына 180 млн астам адам тартылған, ал ол бүкіл дүниежүзінде жұмыс істейтіндердің жалпы санының оннан

астам пайызын құрайды (Михайлов Н.Н., 2011). Туриндустрияның осындай кеңінен таралуы тіл қызметінің ерекше түрі ретінде туристік дискурсты зерделеуге бағытталған лингвистикалық зерттеулердің пайда болуының түрткісіне айналды.

Туристік дискурстың типологиялық мәртебесін анықтау маңызды міндет болып табылады. Туристік дискурсты институционалды дискурстың ерекше түрі ретінде анықтау мәселесін О. Р. Бондаренко (Бондаренко О.Р., 2012), С.А. Погодаева (Погодаева С.А., 2008), В.А. Митягина (Митягина В.А., 2009), Н.В. Филатова және т.б. зерттеушілер қарастырған, олардың туристік дискурстың типологиялық қай қатарға жататындығына қатысты пікірлері әртүрлі. Дискурстың осы түрі институционалды жарнамалық дискурстың бір түрі болып табылады, деген болжам бар (Филатова Н. В., Тур. диск., 2012).

Институционалды іскерлік дискурсының бір түрі бола отырып, туристік дискурс өзінің лингвопрагматикалық сипаттамасымен бір текті емес – ол көп аспектілі құбылыс. Т.А. Ширяеваның іскерлік дискурстың үш саласы (кәсіби, академиялық және бұқаралық) туралы пікірін қабылдай отырып (Ширяева Т.А., 2006), туристік дискурстың кем дегенде үш түрін бөліп көрсетейік, олардың әрқайсысы лексикалық құрамының ерекшелігімен, жанрлық-стистикалық ерекшеліктерімен, ерекше коммуникативтік стратегияларымен және тактикаларымен айрықшалаынады: кәсіби (туриндустрия саласында іскерлік қызмет процесіне қызмет етеді), академиялық (турбизнес саласына мамандар дайындау бойынша жұмыс істейді, сондай-ақ экономиканың осы саласындағы практикалық қызметке ғылыми талдау жасайды) және бұқаралық (негізінен туриндустрия туралы ақпарат таратуға және клиенттерді тартуға бағытталған). Әрбір осы түрлердің өзіндік ерекшелігі де, сондай-ақ ортақ сипаттамалары да бар.

Екінші жағынан, ол басқа дискурс типтерімен (тұрмыстық, ғылыми, жарнамалық және т.б.) өзара әрекеттесуге қабілеті бар дискурстың дербес түрі болып табылады (Михайлов Н.Н., 2011).

Туристік дискурс институционалды дискурстың ерекше бір түрі болып табылатындығын дәлелдеу үшін, оның типологиялық

мәртебесін нақты түсіну керек, яғни, мақсаттарын, қатысушыларын, хронотопын, негізгі тұжырымын, стратегияларын, материалын, түрлері мен жанрын қарастыру керек (Карасик В.И., 2000).

Туристік дискурс, ерекше тақырыптық бағыттылығымен, нақты анықталған адресатқа бағдарлануымен, мақсатының бірегейлігімен, тіл құралдарын таңдау ерекшелігімен, өзіндік жанрлық парадигмасымен сипатталатын дискурстың дербес түрі болады деген пікір, ең ойлы және орынды, деп ойлаймыз. Алайда бұл жерде де кейбір нақтылаулар талап етіледі. Туристік дискурстың типологиялық мәртебесін нақты түсіну үшін, ол өзі әрекет ететін (а) коммуникация саласын, (б) коммуникация мақсаттарын, (в) коммуниканттар типін (адресат пен адресантты) анықтау керек.

Н.В. Филатова «Туристік дискурстың жанрлық кеңістігі» мақаласында, туристік дискурстың мақсатын пайда табу – экскурсиялық-туристік қызмет алу, деп анықтайды (Филатова Н. В., Жанров. Простр., 2012).

Туристік дискурс әрекет ететін жағдайлар ерекшелігіне сәйкес, коммуникацияның мақсаты туриндустрия атынан әрекет ететін ұйым қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге келіп тіреледі: бір жағынан, туристік өнім ұсынатын ұйымдар арасында байланыс орнату, ал екінші жағынан, мақсатты аудиториямен байланыс орнату – бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекет ету, ұйым имиджін жасау, қоғаммен байланысты дамыту, туристік өнімді және жалпы туризмді дәріптеу.

Туристік дискурстың сипаттамаларын анықтау барысында ескерілуі тиіс маңызды мезет, ол туристік бизнес саласын көрсететін жағдайларға қатысатын коммуниканттар типі болып табылады. Қарым-қатынас қатысушылары ретінде, бір жағынан, нақты және әлеуетті туристер ретінде қарастырылатын халық тобы болатын болса, екінші жағынан, - әртүрлі туриндустрия ұйымдары (туристік фирмалар мен агенттіктер, авиа – теміржол кассалары, гидтер мен гид-аудармашылар агенттіктері, қызмет көрсету салаларының жұмыскерлері және т.б.) болып табылады.

Туристтік дискурстың негізгі қатысушылары: сатушы (туроператор) – клиент; экскурсия жетекшісі – экскурсант; мәтін құрастырушы – мәтінді алушы болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған туристік дискурстың жұмыс істейтін саласының ерекше белгілері оның типологиялық мәртебесін келесідей анықтауға мүмкіндік береді: (а) туристік дискурс, әрине, институционалды санат болып табылады, өйткені оны, бір тарап көбіне өз қызметін туристік бизнес аясында атқаратын әлеуметтік және/немесе экономикалық институт (менеджмент, маркетинг, қаржы ағындары, кадр саясаты, қоғаммен байланыс, медиалық ресурстар, әртүрлі елдердің мәдениет және өнер институттары, мемлекеттік, заң, әлеуметтік, табиғатты қорғау ұйымдары) болып табылатын қарым-қатынас жағдайында пайдаланады; (б) институционалды дискурс кеңістігіне кіре отырып, туристік дискурсты іскерлік дискурстың бір түріне де жатқызуға болады, өйткені оның атрибуттық белгілері ретінде ресмилік (екі тарап та немесе тараптардың бірі нақты кәсіби функцияларын орындаған кезде, қарым-қатынас қатысушылары бір-бірімен іскерлік қарым-қатынаста болады), мәртебелік (қарым-қатынас әлеуметтік қашықтықты көздейді), іскерлік мәселенің болуы, уақыт пен орын туралы нақтылық, коммуникативтік тәртіптің нормативтілігі, әдептілік, адресат типіне байланысты реңктілік: ұйым өкілдерімен қарым-қатынас барысында – ресмилік, бейтараптық, әдептілік; туристермен қарым-қатынас жағдайында – эмоционалдық, бағалаушылық, сенімділік, әдейі достық қарым-қатынасқа тарту, психологиялық әсер ету және т.с.с. айқын көрінеді.

Хронотоп немесе туристік дискурс орны ретінде Н.В. Филатова кеңсені, туристік автобусты, мұражайды, қала көшелерін, виртуалды кеңістікті, мәтінді кеңістікті көрсетеді (Филатова Н. В., Жанров. простр., 2012).

Туристтік дискурстың негізгі тұжырымына саяхат жатады. Туристтік дискурстың материалы мәні әртүрлі тақырыптар болып табылады, солардың ішінде елтану және тарихи ақпарат, турды уақытша ұйымдастыру, қонақүй бизнесі, көлік, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тамақтану және тағы басқалар бар.

